


Логистикалық кәсіпорындарының іс- әрекетін талдау

Орындаған: Айтбаева Р., Шабдан Н.


Қабылдаған: Акашова Ә.С.




Кәсіпорындардағы логистиканы ұйымдастыру- оның элементтерін құрайтын және бөліктеріне тән емес қасиеті бар бір-бірімен ұйымдасқан элементтердің жиынтығы ретінде қарастырылады.

Жүйенің қасиеті: тұтастық және бөлінгіштік, элементтер арасында байланыстың болуы; ұйымдасушылық, интегративтік.

Жүйенің ішкі және сыртқы ортасы ажыратылады, сондай-ақ кіру және шығу деп бөлінеді.







Логистикалық жүйенің элементтеріне көлік ұйымдары, қайта тиеу және тасымалдау техникасы және т.б жатады.


Жалпы логистикалық жүйенің элементтерін макро және микро деңгейде қарастыруға болады.

Макро деңгейде байланыстың негізін келісім-шарт құрайды.

Микро деңгейде элементтер ұйым ішіндегі қарым-қатынасты байланыстырады.



Қазақстанның көптеген мемлекеттік және жеке меншік кәсіпорындары белсенді түрде өздерінің терминалды желіні, жүкті бөлшектеу және логистикалық орталықтарды, ақпараттық-коммуникациялық қамтамасыз ету логистикалық қызмет көрсету жүйелерін құра бастады.




Осындай кәсіпорындардың бірі: High Tech Logistic, БК ЖШС. Ол 2005 жылдың басында құрылған, Amanat Invest Group компаниялар тобының құрамына кіреді.

Сол жылы эксплуатацияланған алаң ИКаР іске қосылған болатын. ИКаР қойма кешені 25000 палетто-орынды құрайды. Онда кеден-брокерлік және транспорттық қызмет көрсетіледі.

2006 жылы көлемі 35000 палетто-орынды құрайтын «Первомайский» кеден-қоймалы терминал салынып, іске қосылды.

2007 жылы Алматы қаласынан 10 км қашықтықта орнласақан жерде (Алматы-Қапшағай трассасы) DAMU индустриалды-логистикалық орталық салына бастады.





Қазіргі кезде қойма логистикалық операциялар қызмет көрсету үлкен көлемде орындайды: тұтынушыға кең көлемде қоймалау, жүкті қайта өңдеу, орау, тасымалдау, ақпараттық қызмет.

«Хак Групп» компаниясы өзінің құрастырған технологиялар арқасында, тез арада аз шығындар мен қажетті уақытта келесі қызметтерді көрсете алады: тауарды жеткізу, тауарды өткізу, тасымалдау, қоймалау, ақпараттық қызмет көрсету.

Жеткізу кезінде көрсететін қызметтер:


- Тапсырысты орындағандағы нақтылық пен дәлдік кепілдігі;
- Жеткізу оперативті түрде орындау;
- Сервистің жоғары деңгейі мен әр клиентке жеке бабын табу;
- Тауарды жеткізудегі ең оптималды маршрутты таңдау;
- Икемді бағалар



«Хак Групп»
компаниясының құрамына
10 аймақтық бөлімшелер
кіреді.

Олар: Қазақстанның
Алматы, Астана,
Талдықорған, Өскемен,
Павлодар, Қарағанды,
Көкшетау, Орал, Шымкент,
Қызылорда қалаларында
және 3 аймақ Ресей
Федерациясындағы Челны
жағалуында, Мәскеу, Омск
қалаларында орналасқан.





Қорыта келгенде, логистика неғұрлым кең бағытқа иеленіп, кәсіпорынның дамуы стратегиялық менеджментке қажет элемент. Осындай логистиканың мақсаты қазіргі және болашақ уақытта кәсіпорын алдында болатын мүмкіндіктер мен қауіптерді табу. Кез келген кәсіпорынның логистикалық қызметі-бұл кәсіпорынның дамуына әсер ететін барлық факторлардың жиынтық қаралуы, фактілерді еске ала отырып даму стратегиясын жасау және бұл стратегияларды іске асыру бойынша нақты іс-шаралар қолдану болып табылады.



1.



2.



3.



4.



5.



6.




Ағашты таңдап болсаңыз, өзіңіз жайлы мына психологиялық тестпен танысыңыз. Сіз қандай екенсіз?

1. Жомарт және адамгершілігі жоғары жансыз. Сіз үнемі үздік болуға талпынасыз. Кеудемсоқтық қасиетіңіз де жоқ емес. Жұрт сырттай сізбен тіл табысу қиын деп түсінеді. Олай емес, тек сіз өзіңізбен-өзіңнің табысуыңыз оңай шаруа емес. Сіз үнемі белсенді жұмыс атқарасыз. Бірақ өзімшіл емессіз. Сіз өз әлеміңізді әдемілендіру үшін тынбай жұмыс жасайсыз. Сіз біреуді жаныңызға жара салғанша жақсы көресіз. Ал содан кейін... содан кейін де жақсы көруден танбайсыз. Сіздің ісіңіздің қадіріне жетіп жүрген жандар аздау.
2. Еліктіргіш және шыншыл адамсыз. Сіз біреуге көмектесуге қашан да даяр тұратын жауапкершілігі жоғары жансыз. Сіз адал жұмыс жасауды жақсы көресіз. Қандай да бір жұмысты өз міндетіңізге алудан қашпайсыз. Сіздің мінезіңіз көпке ұнамды. Сізде үнемі көптің көңілінен шығатын қызықты әңгіме таусылмайды.
3. Ақылды және ойшыл жансыз. Сіз сөзсіз ой адамысыз. Сіздің идеяңыз бен ойларыңыз өте маңызды. Сіз жалғыз қалғанда көп ойға берілесіз. Өзіңіздей үнемі ой үстінде жүретін жандармен сұхбат құрудан қашпайсыз. Сіз өзіңіз дұрыс деп жасаған нәрсені жасайсыз. Оған көпшілік бір ауыздан келісе қоймауы да мүмкін.
4. Зерек жансыз. Сіз өз ортаңызда сирек кездесетін жалғыз адамсыз. Сізбен қатар тұрар жан жоқ. Тіпті сізбен салыстыруға тұрарлық жан да... Сізді көбі дұрыс түсіне бермейді. Сондықтан ондай жандардың ісі сізді үнемі ренжітеді. Сізге жеке кеңістік құру қажет. Шығармашылығыңызды байыта түсіңіз. Өйткені жұрт сізді шығармашылығыңыз үшін де қадірлейді.
5. Сенімді жансыз. Сіз тәуелсіз жансыз. "Бәрін өзім жасаймын" деген қағиданы ұстанасыз. Тек өзіңізге ғана сенесіз. Сіз жақындарыңыз үшін қалай сенімді болудың құпиясын білесіз. Жұрттардан бар тілеріңіз - олардың сізге адал болуы. Өйткені сіз адал адамдарды бағалайсыз, шындықты сүйесіз.
6. Мейірімді және сезімтал жансыз. Сіз адамдармен оңай қарым-қатынас орнатасыз. Досыңыздың саны көп. Олардың өмірін жақсарту үшін қолыңыздан келгенін аянып қалмайсыз. Сіз бар жерде кейбіреулер өздерін артық сезінеді. Сіз махаббатқа сенесіз, онсыз өмірдің мәні жоқ деп ұғасыз.
7. Бақытты және өзін-өзі еркін билейтін жансыз. Сіз адамдарды айтқызбай-ақ ұғатын кішіпейіл адамсыз. Әр адам өмірде өз жолын салуы керек деп түсінесіз. Сіз кез келген шараны, оқиғаны да қорқынышсыз қарсы аласыз. Көп мазаланатыныңыз тағы бар. Үнемі бос уақытты тиімді өткізесіз.
8. Әдемі және қайратты жансыз. Сіз көңілді де күлдіргі адамдардың қатарынансыз. Егер әңгіме қандай да бір оқиға жайында өрбіп жатса, үнемі "Қолдаймын" деп қол көтеруге дайын жүресіз. Сіз таңқалудан да, таңдандырудан да жалықпайсыз. Бәрін біліп алғыңыз келіп тұрады. Егер сізге бір нәрсе қызық болса, соның жай-жапсарын анықтағанша байыз таппайсыз.
9. Жолы болғыш адамсыз. Сіз үшін өмір - сыйлық. Сол сыйлықты сәтті пайдалану керектігімен бас қатырасыз. Өмірде қолыңыз жеткен жетістікпен марқаясыз. Жаныңызға жақын жанмен бар қуанышты бөлісуге әзір тұрасыз. Кешіре де, кешірім сұрай да аласыз.

Қай партаға отырар едіңіз?





Егер нөмірі 1-партаны таңдасаңыз, көңілді жүруді және үнемі бірінші болуды қалайсыз. Біртоға өмірге төзе алмайсыз, сондықтан үнемі көңіл көтеретін әрекет пен орта іздеп жүресіз. Әлдекім сізді жауапсыз деуі мүмкін, бірақ бұл шындыққа аса жанаса қоймайды.

2-нөмірлі партаны таңдасаңыз, бір мезгілде демалып әрі еңбек ете аласыз. Уақытыңызды қалай жоспарлауды және әр істен нәтиже шығаруды жақсы білесіз. Алға нақты жоспарлар қоясыз, осы арқылы үнемі жетістікке жетесіз. Таңдауыңыз

3-партаға түссе, ақылды да қызықты адамсыз. Сізбен әңгіме айту сондай жағымды, себебі кез келген тақырыпты ары қарай өрбіте аласыз. Өзіңізге назар аудартуды ұнатпайсыз, сонда да үнемі сырт келбетіңіз тартымды көрінуіне күш саласыз.

4-нөмірлі парта ұнайтын болса, демек үнемі бәрінен жақсы болуға ұмтыласыз. Сіз үшін әр істің нәтижелі болғаны маңызды, жай ғана нәтижелі емес, өте жақсы көрсеткішті болуы керек. Жауапкершілігіңіз мол және өте уайымшылсыз, сондықтан жеңілісті мойындай алмайсыз.

